

**JAS NOMAD**

**РЕСПУБЛИКАЛЫҚ  
ХОККЕЙШІЛЕРДІ ДАЯРЛАУ  
БАҒДАРЛАМАСЫ**

# ЖАТТЫҚТЫРУШЫЛАР ҚҰРАМЫНЫҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ

Жаттықтырушылар саны ұдайы өскен жағдайда жаттықтырушылардың көпшілігінің БІЛІКТІЛІГІ бұрынғы төмен деңгейде қалады.



## ЖАЛПЫ МӘСЕЛЕЛЕР

- Жаттықтырушылар құрамының **біліктілігі төмен** (педагогика, психология, ата-аналармен және ойыншылармен қарым-қатынас, теориялық және техникалық-тәжірибелік дайындық және т.б.).
- Жаттықтырушылар құрамын кәсіби даярлау, біліктілікті арттыру, семинарлар өткізу және аттестаттау бойынша біртұтас жүйенің **болмауы**.
- Еңбек ақының **төмен деңгейі**, жаттықтырушыларды ынталандыру жүйесінің тиімсіз механизмдері.




## ҰСЫНЫСТАР

- Хоккейшілерді даярлаудың республикалық бағдарламасы мен ғылыми-әдістемелік құралдарын **әзірлеу және енгізу**.
- Республикалық бағдарламаны енгізу аясында ЖЖМ оқытушыларын, шетелдік және отандық мамандарды шақыра отырып, жаттықтырушылар құрамы үшін семинарлар, ашық жаттығулар және **шеберлік сабақтары сериясын өткізу**.
- Жаттықтырушы-педагогикалық құрамды **аттестаттау жүргізу**. QHF аясында өтетін ресми жарыстарға қатысу үшін әрбір жаттықтырушы аттестаттаудан өтуі тиіс.

# JAS NOMAD ЖОБАСЫ



**Республикалық  
хоккейшілерді даярлау  
бағдарламасы**



## МАҚСАТ

**Хоккейшілерді даярлау жүйесін дамыту және жетілдіру.**

Бағдарламада қазіргі заманғы талаптар мен жергілікті менталитетке бейімделген, жетекші хоккей державалары мен Халықаралық хоккей федерациясының (IIHF) кәсіби ойыншыларды даярлау тәжірибесі мен тәсілдері жинақталып ұсынылады.

Бағдарлама Спорт министрлігі тарапынан стандарт ретінде бекітіледі және барлық БЖСМ мен хоккей бөлімшелері үшін міндетті болады – бұл жаттықтырушылар мен әдіскерлер үшін негізгі жұмыс құжаты болмақ.

## БАҒДАРЛАМАНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

- U7, U9, U11, U13, U15 жас топтарының жаттықтырушыларына арналған практикалық нұсқаулық
- Тамақтану
- Психология
- Қақпашыларды даярлау бойынша практикалық нұсқаулық

## БАҒДАРЛАМАНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ





- ✓ Дене дайындығы
- ✓ Техникалық дайындық
- ✓ Теориялық дайындық
- ✓ Тактикалық дайындық
- ✓ Психологиялық дайындық



- ✓ Бағдарлама хоккейшілерді даярлау жүйесін дамыту және жетілдіру мақсатында жасалуда, ол ұйымдастырушылық, жаттығу және жарыс қызметінің барлық аспектілерін қамтиды.
- ✓ Бағдарлама балалар мен жасөспірімдердің физикалық, зияткерлік, эмоциялық және танымдық қасиеттерін кезең-кезеңімен дамыту қағидаттарын қамтиды.

## МАМАНДАРДЫ ҚАЙТА ДАЯРЛАУ → МАМАНДАРДЫ АТТЕСТАТТАУ → ЖАҢА САПАЛЫ ДЕҢГЕЙ

Бағдарламаны іске асыру ойыншыларды, командаларды, хоккей мамандарын даярлаудың жаңа сапалы деңгейін, сондай-ақ жаттығу және жарыс үдерістерін ұйымдастыру мен басқарудың жоғары тиімділігін қамтамасыз етеді.



# ОҚУ-ЖАТТЫҒУ ПРОЦЕСІНІҢ БЕЙНЕМОНИТОРИНГІ

Қазақстан Республикасындағы хоккей мектептерінің бастапқы даярлық топтарында оқу-жаттығу үдерісін бейнемониторингпен қадағалау енгізіледі, бұл QHF ғылыми-әдістемелік бөлімі мамандарының бақылауымен жүзеге асырылады.

Мұз аренасына шолу жасайтын бейнекамера және бейнесигналды QHF ғылыми-әдістемелік бөліміне жіберу мүмкіндігі бар жоғары жылдамдықты интернет орнатылады.



## КРИТЕРИЙЛЕР МЕН ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ-ӘДІСТЕМЕЛІК КӨРСЕТКІШТЕР

- ✓ Жаттықтырушы мен спортшы-оқушылардың хоккей алаңына уақытылы шығуы
- ✓ Тапсырмалар орындалу барысында жаттықтырушының алаңдағы дұрыс тұруы
- ✓ Жаттығуларды дұрыс таңдау және оларды орындау реттілігі
- ✓ Қайталаулардың оңтайлы саны
- ✓ Жаттықтырушының жаттығуларды көрсетуі
- ✓ Жаттығуларды орындау ұзақтығы мен демалыс аралықтарының арасындағы оңтайлы үйлесім
- ✓ Жаттықтырушының спортшы-оқушылардың жаттығуларды орындауын бақылауы
- ✓ Инвентарды тиімді пайдалану
- ✓ Қимыл-қозғалыс ойындары мен спорттық ойындарды қолдану
- ✓ Тыныс алуды қалпына келтіруге, бұлшықеттерді босаңсытуға және эмоционалдық деңгейді төмендетуге арналған жаттығуларды қолдану
- ✓ Хоккей алаңынан ұйымдасқан түрде шығу
- ✓ Конспектiнiң болуы
- ✓ Сабақтың қойылған мiндеттерге сәйкестiгi

# ХОККЕЙШІЛЕРДІ ТЕСТІЛЕУ

Қазақстан Республикасының хоккей мектептерінде командаларды кешенді тестілеуден өткізу.

 *sporttesting*

Жабдық және «SportTesting» компаниясының хоккейшілерді тестілеу бағдарламасын пайдалануға лицензия жабдығы





**ХОККЕЙДІ БІРГЕ ДАМЫТАЙЫҚ**